

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 36 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 тамызда № 5577 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 72 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 26.12.2016 № 72 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына және " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы LI сессиясының № 371 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5311 нөмірімен тіркелген, аудандық "Қазалы" газетінде 2016 жылғы 20 ақпандағы №14 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

3-тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы

" департаменті Қазалы аудандық бөлімшесі;"

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Орта білім алғаннан кейін "Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін, жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған "Магистр" академиялық дәрежесін алу үшін және Қазақстан Республикасының медициналық білім және ғылым ұйымдарында резидентурада медицина кадрларын дайындау үшін, өңірге қажет мамандықтар бойынша, әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан, күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек аудан жастарына тағайындалады".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен

тыс V сессиясының төрағасы

Б. Бекбаулов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жұмыспен

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

М.Делмұханов _____

"26" шілде 2016 жыл

Аудандық мәслихат

хатшысы

К. Назымбеков